



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 25/51
24 маусым



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Құрбан айт

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР! ҚАДІРЛІ ЖАМАҒАТ!

Баршаңызды күллі мұсылман қауымы асыға күтетін қасиетті де ұлық мереке - Құрбан айт мейрамымен құттықтаймын!

Құрбан айт - ағайынның ауызбіршілігін арттыра түсетін, мұсылман қауымын имандылыққа ұйытып, барша адамды қанағат пен тәубеге шақыратын ұлық мейрам. Айт күні адамдар құрбан шалумен ғана емес, сауапты, ізгі, қайырлы амалдарымен Жаратушының рақымына жақындай түседі.

Осынау айтулы күндерде әрбір адам игі істер жасауға, жақындарына қамқорлық көрсетуге, көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына қуаныш сыйлауға тырысады.

Алланың разылығы, ел-жұрттың

амандығы үшін құрбан шалынып, мейірім мен кешірімге үндейтін Құрбан айт мейрамы баршаңыздың отбасыларыңызға ырысы мен берекесін ала келсін!

Құрбан айт мейрамында тілеген тілектеріңіз бен шалған құрбандықтарыңыз қабыл болсын.

Әрбір отбасына амандық, мықты денсаулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін! Құрбан айт құтты болсын!

*Приозерск қаласының әкімі
Ламбеков Н. Р.*

*Приозерск қалалық мәслихат
төрағасы Исатаев А.Н.*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ



2023 жылдың 23 маусымы Мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан полициясы күні атап өтілді. Мереке құрметіне қала әкімі Н. Ламбеков құттықтау сөз сөйледі. Бірқатар қызметшілерге облыс әкімінің алғыс хаттары табысталса, үлгілі қызмет еткен, сондай-ақ өзінің еңбекқорлығымен және өз ісіне берілген мемлекеттік қызметшілер, полиция қызметкерлері қала әкімінің құрмет грамоталары және алғыс хаттармен марапатталды. Шараның бір ерекшелігі - мемлекеттік қызмет саласының игілігін арттыру жолындағы жемісті еңбегі үшін жас мемлекеттік қызметшілердің ата-аналарына Приозерск қаласы әкімінің алғыс хаттары табысталды. Шара соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

23 июня 2023 года был отмечен

День государственных служащих и день Казахской полиции. В честь праздника с поздравительной речью выступил аким города Нурлан Ламбеков. Ряд служащих были награждены благодарственными письмами акима области, а также государственные служащие, сотрудники полиции были награждены почетными грамотами и благодарственными письмами акима города. Также родителям молодых государственных служащих были вручены благодарственные письма акима города Приозерск. В завершение торжества для участников мероприятия и приглашенных гостей был организован праздничный концерт

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ



2023 жылғы 23 маусымда «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Бастапқыда қалалық кезеңге 6 отбасы қатысып, оның 2-і облыстық байқау кезеңіне қатысуға жолданды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Қала әкімінің орынбасары Сағымбек Жанбырбайұлы Бейсекеевтің құттықтауын қабылдады.

Құрметті 3 орынды Әбдірамановтар отбасы, 2 орынды Жұмахановтар отбасы иеленді. Жүлделі 1 орын және «Мерейлі отбасы» атағы Мондыбаевтар отбасына берілді.

Байқаудың барлық қатысушыларына дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Марапаттау рәсімінен кейін ісшара мерекелік концерт бағдарламасымен жалғасты.

Атап өтетін болсақ, ісшара «Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ нің тапсырысы бойынша «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы «ЖҚБ ұйымдастыруымен мемлекеттік әлеу-

меттік тапсырыс аясында өткізілді.

23 июня 2023 года в центре детско-юношеского творчества «Достық» состоялась церемония награждения семей-победителей городского этапа Национального конкурса «Мерейлі отбасы».

Изначально участвовало 6 семьи города, из которых 2 стали участниками областного этапа конкурса.

Победители и призеры принимали поздравления от заместителя акима города Бейсекеева Сағымбека Жанбырбаевича.

Почетное 3 место заняла семья Абдирамановых, 2 место заняла семья Жумахановых. Призовое 1 место и звание «Мерейлі отбасы» досталась семье Мондыбаевых.

Всем участникам конкурса были вручены дипломы и ценные подарки.

После церемонии награждения мероприятие продолжилось праздничной концертной программой.

Мероприятие было организовано МОО «Союз молодых и детских организаций Карагандинской области «по заказу ГУ» Отдел внутренней политики города Приозерск «в рамках государственного социального заказа.

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

**ҚАСИЕТТІ «ҚҰРБАН АЙТ» КҮНІ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
АУМАҒЫНДА ҚҰРБАНДЫҚ
ШАЛУ ҮШІН АРНАЙЫ
ОРЫНДАР КЕЛЕСІ
МЕКЕН-ЖАЙЛАРДА
ОРНАЛАСҚАН:**

1	Қарағанды қ.	Қарағанды қаласы 1.Резника көшесі, 18 («Абишев А.О.» ЖК), 2. С.Сейфуллин көшесі, 53 («Хасенов К.С» ШҚ), 3. Гоголь көшесі, 2/23 («Арай KZ» ЖШС)
2	Балқаш қ.	Балқаш қаласы Жусанды көшесі, 1 («Балқаш ет комбинаты» ЖШС)
3	Теміртау қ.	Теміртау қаласы Западная көшесі, 33 а (Мал соятын цех)
4	Шахтинск қ.	Шахтинск қаласы Долинка кенті Загаражная көшесі, 8
5	Приозерск қ.	Приозерск қаласы Керуен көшесі, 6 («Еспенбетов» ЖК)
6	Саран қ.	Саран қаласы 017 есептік квартал, 480 ғимарат (Сою алаңы)
7	Абай ауданы	Абай қаласы Жеңіс даңғылы, 11 (Орталық мешіт асханасының артқы алаңы)
8	Ақтоғай ауданы	Ақтоғай селосы, Жосалы көшесі, 1А (Мал сою модульдық орталығы)
9	Бұқар-Жырау ауданы	Бұқар – Жырау ауданы Үштөбе ауылы (МТФ-5)
10	Қарқаралы ауданы	Қарқаралы қаласы, Құнанбай кажы көшесі, 23 (Құнанбай мешітінің жанында)
11	Осакаров ауданы	Осакаров ауданы 1. Шұңқыркөл с. (Аза ШҚ) 2. Мирное с. (Головченко ФШ) 3. Родниковское с. (Лега КҚ) 4. Батпақ с. (РАББУГЗИ ШҚ) 5. Батпақ с. (Жана Ай ЖШС) 6. Садовое с. (Садовое-К ЖШС) 7. Садовое с.,(Агро-Болашак KZ ЖШС) 8. Озерное с. (Гришов А.С ЖК) 9. Сұңқар с. (Жумадилов ШҚ) 10. Окольное с. (Легостаев Д.А. ЖК) 11. Уызбай с. (Шардаров ЖК) 12. Звезда с. (Газель ЖШ) 13. Николаевка с. (Байтерек 2021 ЖШС) 14. Жансары с. (Салтанат ШҚ)
12	Нұра ауданы	Нұра кенті Қонаев көшесі, 58 (Нұра аудандық мешіті)

**В СВЯЩЕННЫЙ ДЕНЬ «КУРБАН
АЙТ» СПЕЦИАЛЬНЫЕ МЕСТА
ДЛЯ СОВЕРШЕНИЯ
ЖЕРТВОПРИНОШЕНИЙ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ ПО
НИЖЕСЛЕДУЮЩИМ
АДРЕСАМ:**

1	г.Караганда.	г.Караганда 1. ул.Резника, 18 (ИП «Абишев А.О.») 2. ул.С.Сейфуллин, 53 (КХ «Хасенов К.С»), 3. ул.Гоголя, 2/23 (ТОО «Арай KZ»)
2	г.Балхаш	г.Балхаш ул.Жусанды, 1 (ТОО «Мясокомбинат г.Балхаш»)
3	г.Темиртау	г.Темиртау ул.Западная, 33 а (Убойный цех)
4	г.Шахтинск	г.Шахтинск пос.Долинка ул.Загаражная, 8
5	г.Приозерск	г.Приозерск ул.Керуен, 6 (ИП «Еспенбетов»)
6	г.Сарань	г.Сарань учетный квартал 017, здание 480 (Площадь забоя)
7	Абайский район	г.Абай проспект Победы, 11 (площадь столовой центральной мечети)
8	Актогайский район	село Актогай селосы, ул.Жосалы, 1А (Модульный центр забоя)
9	Бухар-Жырауский район	Бухар-Жырауский район с.Уштөбе (МТФ-5)
10	Каркаралинский район	г.Каркаралинск, ул.Кунанбай кажы, 23 (рядом с мечетью Кунанбай кажы)
11	Осакаровский район	Осакаровский район 1. с.Шунқыркөл (КХ Аза) 2. с.Мирное (ФХ Головченко) 3. с.Родниковское (КХ Лега) 4. с.Батпақ (КХ РАББУГЗИ) 5. с.Батпақ (ТОО Жана Ай) 6. с.Садовое (ТОО Садовое-К) 7. с.Садовое (ТОО Агро-Болашак KZ) 8. с.Озерное (ИП Гришов А.С) 9. , с.Сунқар (КХ Жумадилов) 10. с.Окольное (ИП Легостаев Д.А.) 11. с.Уызбай (ИП Шардаров) 12 с.Звезда (КХ Газель) 13. с.Николаевка (ТОО Байтерек 2021) 14.с.Жансары (КХ Салтанат)
12	Нуринский район	пос.Нура ул.Кунаева, 58 (районная мечеть Нура)



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

«Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының жыл сайынғы дәстүрге айналған «Айбын» әскери-патриоттық жиыны биыл тоғызыншы рет өткізілмек. Елорданың 25 жылдық мерейтойына орайластырылып, халықаралық деңгейде өтетін жиынға Өзбекстан, Әзірбайжан Республикасынан қатысушылар келеді. Патриоттық жиынның Қарағандыда өтетінін де айта кеткен жөн.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Айбын асқақтатар «Айбын» басталады»
мақаласынан



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округінде «SAQ NS» шаруашылығында қымыз өндіретін цех ашылды. Жобаның негізгі бағыты – қымыз өндіру. Серіктестік бүгінде шаруасын дөңгелетіп, табысын еселеп келеді. Дәмі бал татитын қымызына деген сұраныс тіптен көп. Арнайы тапсырыспен алдыратындар да жетерлік. Қазір серіктестік жалпы саны 200 сауын биеден күніне 1000 литр қымыз алып отыр. Алдағы уақытта бие басын көбейтумен қатар, ет өнімін шығаруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, сиыр сүтін өндіріп, өткізу мақсатында «Natige» ЖШС-мен меморандум жасалған.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Сары қымыз сапырған Сарытерек» мақаласынан

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ!



Мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Ол билік пен халық арасында байланыстырушы буын болып табылады. Сондықтан да көп нәрсе оның кәсіби біліктілігіне, жедел түрде ой қорытып, қандай да бір мәселелерді шешу жауапкершілігін өз мойнына ала білу дағдысын игергендігіне байланысты.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп Алаш арысы Әлихан Бөкейхан айтқандай, халықпен жұмыс істеу үшін жағымды мінез-құлық керек. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Осындай мамандардың бірі мемлекеттік қызметте 17 жылдан астам қызмет жасап келе жатқан Нұртай Әбдірахымұлы Стамқұл.

Спорт саласындағы еңбек жолын 2005-2006 жыл аралығында

Приозерск қаласының білім беру және спорт бөлімінің жетекші маманы болып бастаған Нұртай Стамқұл, Приозерск қаласының әкім аппаратының басшысы қызметін де атқарды. Әрі қарай, 2016-2023 жылдар аралығында Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы болып еңбек жолын жалғастырды. Өзінің 7 жылдық басшы қызметінде қаладағы бірнеше спортшыларды халықаралық деңгейдегі спорт жарыстарына қатыстырып, жүлделі орындар алуына өзіндік үлесін қосты. 2006-2023 жылдар аралығында қазақ күресінен, бокстан, дзюдодан, пауэрлифтингтен және таэквондодан қаланың спортшылары Республикалық және облыстық спорттық сайыстарда жеңімпаз болды.

Ол – туған жеріне, халқына қалтқысыз еңбек етіп жүрген жандардың бірі. Адамгершілігі мен пара-

саты мол азаматты елі сыйлайды, құрмет тұтады. Нұртай Стамқұл ең алдымен кісілік келбеті жарқын, көңілі ашық, пейілі кең, жүктелген жауапкершілік пен міндетті мүлтіксіз іске асырған басшы, ұстанымы мықты маман ретінде танылды. Ол еңбек адамын жоғары бағалай біледі Талапты, ең мықты қала спортшыларын жоғары көтеріп, спорт озаттарының марапат төрінен көрінуіне, қала азаматтарының дене шынықтыру және спортқа конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету жолында қалтқысыз еңбек етеді.

Оның тұла бойында іскерлік қасиеттен бөлек, адамгершілік, адалдық пен жомарттық та табылады. Өмірі мен қызметін жемісті нәтижелерге бағыттап, ұтқыр ұйымдастырушы қабілетімен де дараланады. Соның арқасында шағын қаланың әлеуеті көтеріліп, спорт саласынан жоғары көрсеткішке жетіп отырды. Негізгілерін атап айтар болсақ:

- 2019 жылы Тухтаев Асилхан Қытайда ұйымдастырылған бокстан Халықаралық турнирде алтын медальға ие болды.

- 2021 жылы Хузиахметов Тимур Түркияның Стамбул қаласында Пауэрлифтингтен Азия Чемпионатында алтын медальға ие болып, Азия Чемпионы атанды.

- 2022 жылы Кинзель Ринат Үнді елінде өткен Пауэрлифтингтен Азия Чемпионатында алтын медальға ие болып, Азия Чемпионы атанды.

- 2022 жылы Алматы қаласында өткен ерлер мен әйелдер арасындағы Пауэрлифтингтен Ашық Әлем Чемпионатында Оспанов Айтас, Кошанова Бақытгүл,

Горяева Александра, Оспанов Алмаз және Курец Венера - Әлем Чемпиондары атақтарына ие болды.

Ерекше болмысымен дараланған, жүрегі кең, білімі терең Нұртай Стамқұл өз ұстанымына адал болып, тынымсыз қызмет етіп,

өнегелі жолын қалыптастыруда. Өңірде спорттың дамуына қосқан еңбегі еленіп, халықтан жоғары бағасын алды. Оны үзеңгілес әріптестері асыл қасиеттерімен қатар, еңбеккестігі үшін үлгі етеді.

Сондай-ақ ол қала аумағында жаппай спорт және ұлттық ойындар спортының дамуына үлес қосты. Балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар, өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау үшін біршама ғимараттардың ашылуына зор еңбегін тигізді. Қаламызда 2022 жылы қазақ күресінен спорт клубы ашылса, 2023 жылы самбо спорт клубы ашылды. 2022 жылы Дене сауықтыру кешенінің құрылысы мен қалалық стадион жөндеу жұмыстары басталды. Осындай еңбектің нәтижесінде қаншама жастардың әртүрлі спорт түрлеріне қатысып, қалалық командаларды дайындауға, олардың облыстық және басқа да спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуде. Өңірдің спорт, дене шынықтыру саласына және өзге де салаларына сіңірген қызметінің өтемі болар, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қарағанды облысы әкімінің, Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясы төрағасының, Приозерск қаласы әкімінің және Приозерск қаласы мәслихат хатшысының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Міне, қаламыздың спортының дамуына осыншама зор үлес қосқан Нұртай Стамқұл бүгінде Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі болып мемлекеттік саладағы қызмет жалғастыруда.

*Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің маманы
Ж.Я. Абулова*

ОГОНЬ БЕЗМОЛВНЫЙ ВРАГ



Общая площадь (площадь) земель лесного фонда Карагандинской области составляет 127 039 га (68 962 га покрытых лесом). На сегодняшний день согласно действующих законов и др. правовых актов, ведется соответствующая системная работа со стороны Министерства (структурных подразделений уполномоченных органов области) и местных исполнительных органов, чтобы уберечь природу, леса от пожаров и других незаконных причинений вреда. При этом в лесных массивах нашей области, на берегах рек и озер с горной зоной, как вы можете видеть и читать из ежедневных источников информации, частые пожары. Причиной возгорания стали жаркие летние месяцы, использование огня людьми при поездках на отдых, неосторожное возгорание (мусор, сухая трава).

На сегодняшний день Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области и ее структурными подразделениями – КГУ «хозяйства по охране лесов и животного мира» широко проводится профилактическая разъяснительная работа с населением области (интервью на радио-телевидении, статьи в газеты, фейсбук, инстаграм, встречи с людьми, рассылка буклетов и др.) Также сотрудники

данного учреждения в постоянном режиме проводят мониторинг ситуации и патрулирование территорий.

В этой связи, Уважаемые жители города и села, необходимо знать и соблюдать требования пожарной безопасности. А в случае несоблюдения-нарушение требований пожарной безопасности и санитарных правил в лесах - влечет штраф в размере десяти, должностных лиц, субъектов малого предпринимательства - в размере тридцати, субъектов среднего предпринимательства - в размере пятидесяти МРП в соответствии со статьей 367 Кодекса об административных правонарушениях.

Помните! Соблюдение мер пожарной безопасности - залог вашего благополучия и сохранения жизни ваших близких. Чтобы сохранить целостность окружающей среды, необходимо изменить личность, ее моральные, этические навыки и сформировать новое отношение между природой и человеком. Каждый член общества должен быть знаком с законами природных явлений.

*Служба гражданской
защиты города Приозерск*

ӨРТ ТІЛСІЗ ЖАУ



Табиғат – тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажет, жер бетіне көрік берген сәні. Халқымызда табиғат деген сөз жер, туған жер, атамекен ұғымдарымен қатар тұрады. Әрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, барлық жануарды киелі санап, өзен, көл жағалауларын таза ұстап, бұлақ көрсө көзін ашып, жастайынан балаларының санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткен.

«Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Сондықтан табиғаттың жанашыры болу әр адамның міндетті борышы екенін біліп жүрейік.

Жалпы Қарағанды облысының орман қоры жерінің аумағы (көлемі) 127 039 га, (орманмен жабылған 68 962 га). Осы алақандай ғана бар орманды өрттен, басқада заңсыз зиян келтіру қимылдардан сақтап, аман алып қалу үшін қолданыстағы заңдылықтарды негізге ала отырып, министрлік (облыстағы уәкілетті органдардың құрлымдары) және жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісті жүйелі жұмыстар бүгінгі күні атқарылуда. Дегенменде облысымыздың орман алқаптарында, таулы аймақпен өзен-көл жағалауларында өздеріңіз күнделікті ақпарат құрал көздерінен көріп, оқып біліп отырғандай өрттің жиі болуы бірден-бір айғақ. Өрттің пайда болуы себебі жаз айларында күннің ыстық болуы, адамдардың демалуға барғанда отты пайдалануда, абайсыз өртке ұласуы (қоқыстарды, құрғақ шөптерді) салдарынан туындап отыр.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысы-

ның табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы және оның құрылымдық бірліктері – «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылықтары» КММ тарапынан облыс тұрғындарымен әр тарапта профилактикалық түсіндіру жұмыстары (радио-теледидарларға сұхбат, газет, фейсбук, инстаграмға мақала, адамдармен кездесу, буклет тарату, т.б.) кеңінен жүргізілуде және алдағы уақытта жүргізіле береді. Сонымен қатар аталған мекеме қызметкерлері тұрақты режимде ахуалға мониторинг жасап, аумақтарды патрульдеу жүргізеді.

Осы орайда, құрметті қала және ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігі талаптарын білу және сақтау қажет. Ал сақтамаған жағдайда Ормандардағы өрт қауіпсіздігі талаптарын және санитариялық қағидаларды бұзу - әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 367 - бабына сәйкес жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне-отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне-елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-жүз елу АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Есіңізде болсын! Өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау сіздің әл-ауқатыңыздың және жақындарыңыздың өмірін сақтаудың кепілі. Қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау үшін, адамның, оның моральдық, этикалық дағдыларын өзгертіп, табиғат пен адам арасында жана көзқарас қалыптастыру қажет. Әрбір қоғам мүшесі табиғат құбылыстары заңдылықтарымен таныс болуы керек.

*Приозерск қаласының
азаматтық қорғау қызметі*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №25/51, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.